



Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығы қарсаңында оның куәгерлерін іздеп әуре-сарсаңға түстік. “Пәленше қатысыпты”, “түгенше қатысыпты” дегенді естіп, хабарластық. Әңгіме Желтоқсан оқиғасына қарай ауысқанда, олар ат-тонын ала қашады. Сенімен сөйлескісі келмей тұрғанын сезесің. Содан “Бір кездегі жалындаған жастар неге желтоқсан оқиғасына қатысқанын жария еткісі келмейді?” деген заңды сұрақ туындағаны да рас. Сөйтіп жүргенде Сержанмен жолығып, әңгімелесудің сәті түсті. Ендеше, Желтоқсан оқиғасының нағыз куәгері не дер екен, соған құлақ түрелік.

15 желтоқсан 1986 жыл

15 желтоқсанда кешкі сағат 9.00-де Алматы мал дәрігерлік институтының жатақханасына үш адам келеді. Олар жатақхана студенттерімен “Г.В.Колбин Қазақстанды басқаруға келе жатыр, жігіттер демонстрацияға шығуға қалай қарайсыңдар? Қазақстанды грузин де, орыс та басқарды. Елімізді басқаруға бір қазақтың табылмағаны ма? Мәселен, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Назарбаевты неге басшы етіп сайламайды? Бұрынғыдай қараңғы халық емеспіз ғой, қазір көзіміз ашық. Ұлт намысы қайда?” деп, бір сағат әңгіме дүкен құрады. Осыдан кейін “Каждой наций своего вождя” деген ұрандар

Сағы сынбаған Сержан

барғандарыңды мойындамаңдар. Әйтпесе, қуғындаласыңдар” деп ақыл береді.

Азаппен өткен екі апта

Оларды үш күн бойы аш-жалаңаш ұстайды. Төртінші күні сұрақ-жауапқа апарды. МҚК тергеушісі “алаңға кіммен бардың?”. “Не үшін бардың?” деп сұрайды. Сержан алаңға барғанын мойындамайды. Сосын оны биіктігі үш метр болатын бөлмеге кіргізеді. Бөлменің төбесіне темір ілмектер ілінген. Онда отырған екі милиционер “Сердце Боневура” деген кино көрдің бе деп сұрайды, көрдім деп жауап береді. Олардың “сен қазір Боневур боласың” дегеніне Сержан сенбейді. Оны дәл кинодағы Боневур секілді екі қолын артына байлап, аяғының ұшын еденге тиер-тимес етіп ілмекке іледі де, автоматтың дүмімен ұрады. Осылай іліп қойып ұрғанда, адам есінен танбайды екен. Үш күннен кейін денесінде ұратын орын да қалмайды. Күнде оны тергеушінің алдына апарып, ұрып-соғып, дәлізбен сүйретіп қайта орнына әкеліп тастайтын. Бауыры ісіп, тұла бойы көкпенбек болып, кіші дәретінен қан кетеді. Осылай 15 күн қинайды. Бірде дәлізбен сүйретіп бара жатқанда, қазақтың үш

айырыласың” деп Сержаннан түсініктеме жаздыртып алады. Желтоқсан оқиғасына қатысып, ішкі істер бөліміне түскенін Сержан тіс жарып, ешкімге айтпайды.

Мәңгүрт атанды

АЗВИ-дің алаңдағы мінбеге шығып сөз сөйлеген үш студенті суретке түсіп қалып, олар 7, 8, 9 жылға бас бостандығынан айрылды. Сержанның курсында жамбылдық Дәурен деген жігіт бес жылға сотталды. Ауған соғысына қатысқан, екі нығғына екі адамды өңгеріп алатындай денелі, еті тірі жігіт болатын. Екі жылдан кейін сол Дәурен түрмеден мәңгүрт болып оралды. Одан “қай жерде болдың?” деп сұрағанда, әбден зәреқұтын алып, қорқытып тастаған болуы керек, “жігіттер, қайтесіңдер соны, қажеті жоқ” деп ештеңе айтпайтын.

Әлия мен Мәңшүктерді көрді

Әйел баласын қоғамның “әлжуаз” тобына жатқызатын Сержан Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ қыздарына басқа көзқараспен қарайды.

Алаңдағы қақтығыс кезінде Сержан айналасына қараса, жан-жағына солдаттар қаптап кетіпті. Жанындағы жігіттер “қашайық” дейді. Солдаттардан қашып келе жатқанда, қолдарына тас ұстап алған қазақтың үш қызы бұларды көріп, “су жүректер, қайда қашып барасыңдар” деп айғай салады. Намыстанған олар кері бұрылады. Әлгі сөздің әсерінен 100 шақты солдатты ұрып-соғып, қалай қуып жібергендерін өздері де сезбей қалады. Қазақ қыздарының батыл да

ержүрек іс-әрекеттерін жігіттер көпке дейін мақтан етіп жүрді.

Грузиндер құрмет көрсетті

1988 жыл. Кеңес Одағының дүркіреп тұрған кезі. ІІІ курсты бітірген соң, Сержан студенттік отрядта еңбек етеді. Еңбек семестрінен соң ел көрейік деген мақсатпен төрт жігіт Грузияға келеді. Тбилисидің қоғамдық тамақтандыру орындары көпқабатты үйлерінің жергілікті

Өмірдерек

1982 жылы Сержан Мәдениетші Түзелбеков Екібастұз ауылдық мектебін ойдағыдай бітіріп, Павлодар монтаждау техникумына түседі. Болашақ мамандығына көңілі толмай жүргенде, 1983 жылы әскери комиссариаттың шақыруын қуана құп алады. Әскерден келген соң, 1985 жылы өз қалауымен Алматы мал дәрігерлік институтының зооинженерлік факультетіне оқуға түседі. Ол - 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының куәгері. Қазір Екібастұз ауылындағы “АБИ” шаруа қожалығында жұмыс істейді.

қызының кеуде тұсын жалаңаштап, “қаншықтар, енді қазақтың тұқымын көбейтпейтін боласыңдар” деп, милиционерлердің тепкілегенін көреді. Оқу орны “курстың бетке ұстар басшысы” деп, мақтап мінездеме береді. ІІ курстың бірде-бір студентінің ішкі істер бөліміне түспегені Сержанның бағы болып, оны босатады. Сержанды

кен құрады. Осыдан кейін “Каждой наций своего вождя” деген ұрандар дайындандар, танертең сағат 7.00-де алаңда кездесеміз. Бейбіт шеру болады” дейді. Бұл сөздер жалындап тұрған жастардың намысына май құйып жібергендей әсер етіп, олар тез келісе кетеді. Алматының қақ ортасындағы Л.И.Брежнев атындағы алаңда Желтоқсан оқиғасы болғанда, Сержан II курстың старостасы еді.

16 желтоқсан 1986 жыл

Уәде бойынша жастар 16 желтоқсанда сағат 7.00-де алаңға барады. Студенттер ұрандарын көтеріп, бейбіт шеру жасайды. Сағат 11.00-де Үкімет үйінен генерал-майор мінбеге шығып, “Жастар тараңдар” деп, алаңға жиналғандарға басу айтады. Наразы жастар мардымды жауап болмаған соң, алаңнан тапжылмайды. Мінбеге шығып сөйлегісі келгендер сөйлейді. Милиционерлер алаңдағы жастарды қуалай бастайды.

17 желтоқсан 1986 жыл

Ертеңісінде мұғалімдерден жатақханаға кезекшілік қойылады. Оқытушылардың “Алаңға бармаңдар. Соңы жақсылыққа апармайды” дегенін студенттер тындамады. Олар жатақхананың екінші қабатынан секіріп түсіп, алаңға барды. Қақтығыс қайта басталды. Солдаттар шеруге шыққандарға ит қосып, әскери шолақ күрекпен соққыға жықты. Осындай жанталас үстінде Сержан жазалаушылардың ортасына түсіп қалғанын аңдамай қалады. Сытылып шығуға үлгермейді. Жан-жақтан резенке шокпармен соққанда, есінен танады. Бұл сағат 10-ның шамасы болатын. Ұсталған студенттердің көптігі сондай, олар Алматы ішкі істер бөлімдеріндегі уақытша ұстау изоляторына сыймады. Бұларды Ленин аудандық ішкі істер бөліміне әкеліп тастайды. Бес-алты сағаттан соң, есін жинап “не үшін жатырмын”, “мұнда неге түстім” деп ойлана бастайды. Ұсталғандардың ішіндегі жасы үлкені “алаңға

студенттің ішкі істер бөліміне түспегені Сержанның бағы болып, оны босатады. Сержанды алып шығуға ішкі істер бөліміне зооинженерлік факультеті деканы келеді. Желтоқсан оқиғасы халықтың жүрегін әбден шайлықтырып тастаған болса керек, көліктің ішінде декан жұмған аузын ашпайды. Тек көліктен шыққанда, Сержанды жатақханаға көтеріп кіргізген деканның “құлыным-ау, сені әбден қорлапты ғой” дегені бүгінгідей есінде. Расында да, ол “бітім, кеттім, құрыдым” деп ойлаған еді. Өйткені, оған ондай жерден адам баласы сотталып кететін секілді көрінген. Сержан жаны қысылғанда, Исабек атаны қайта-қайта аузына алып, аруағына сыйыныпты. Ішкі істер бөлімінен шыққанда да, емханаға барып, денсаулығын тексертуге жүрегі дауламады. Институтты бітіргенше қорқыныш бойында жүрді.

Мәңгілік

санасынан өшірді

АЗВИ-ден 67 студент желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін жауапқа тартылады. Алаңда суретке түсіп қалғандарды жаппай іздестіру, оларды ұстау шаралары жүреді. МҚК қызметкерлері қапқа салынған бума-бума суреттерді әкеліп көрсетіп, алаңда болған жастарды ұстай бастайды. Сержанды үш айы бойы МҚК тергеушілері шақырып отырды. Бір сұрағын мың түрлі құбылтып қойып, жүйкесін жұқартатын. Болмаған соң, “алаңға барған 2-3 студентті көрсет, сонда саған тиіспейміз” дейді. Сержан көнбеді. Сосын “түп-түқияныңмен құртамыз, әке-шешең жұмыстан қуылады. Әкіметтің саясатына қарсы шықтың” деп қорқытады. Ол кезде кеңестік жүйенің құрығы ұзын болатын. 1937-1938 жылдардың зобалаңын тарихтан оқып өскен Сержанның бойын үрей билесе де, қайсарлық таныта білді. Тағдырының қыл ұшында тұрғанын түсінді. МҚК қызметкерлері “бұл туралы ауыз ашпаймын, жан баласына айтпаймын”, “ІБ-де болдым деп айтсаң, 5 жыл бас бостандығыңнан

келеді. Тбилисидің қоғамдық тамақтандыру орындары көпқабатты үйлердің жертөлесінде орналасады екен. Грузиндер бұлардан “Алматыдағы Желтоқсан оқиғасын көрдіңдер ме?” деп сұрайды. Төртеуі көрген-білгендерін айтып береді. Олар тамақтанып болып, ақшасын төлейін десе, грузиндер “Өзіміз төлейміз. 70 жыл билік құрған социалистік жүйеге сендер, қазақ-



Суретте: АЗВИ-дің әзігіттері, Е.Есімов, С.Қыдырбаев, С.Түзелбеков.

тар бірінші болып қарсы шықтыңдар. Біз сендерді құрметтейміз” -дейді.

Түйін

Сержан Түзелбеков әңгімесінің соңында: “Желтоқсан оқиғасын мәңгілік санамнан өшірдім” деді. Жүрегін күйзелтіп, жас өмірін шырғалаңға салған Желтоқсан көтерілісін еске алу Сержан үшін қиямет-қайым екені көрініп тұр. Тіпті, даусында нала-мұң да бар. Олай болмағанда ше? Желтоқсаншы жастар ұзақ жылдар бойы қоғам санасынан өшірілді. Мемлекет оларға ешқандай әлеуметтік жеңілдіктер жасамады. Кешегі ерлік елеусіз, ескерусіз қала жаздады. Еліміз тәуелсіздік алған соң ғана Желтоқсан оқиғасына тарихи баға беріліп, желтоқсаншылар ұлт қаһармандары ретінде танылуға. Уақыт алға басқан сайын бұл құрметтің өсе түсетіні де анық. Олай болса, Сержан сияқты рухы биік қазақ перзенттерінің алдында басымызды иейік.

П.Есенбай